

DOI 10.52260/2304-7216.2025.1(58).17

ЭОЖ 347.736.3

FTAMP 10.23.47

А.К. Байдаков*, э.ғ.к., қауымд. профессор¹Н.К. Кучукова, э.ғ.д., профессор²Г.Б. Утибаева, э.ғ.к., қауымд. профессор¹М.А. Алтынбеков, PhD, қауымд. профессор³С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан¹Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан²Esil Univesity, Астана қ., Қазақстан³

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: a_baidaov@mail.ru

**БАНКРОТТЫҚТЫ БОЛЖАУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІН ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ
ШАРТТАРЫНА БЕЙІМДЕУ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Мақалада қазақстандық экономиканың ерекшеліктерін ескере отырып, банкроттық ықтималдығын болжаудың шетелдік әдістемелерін бейімдеу және еліміздегі корпоративтік банкроттық институтының тиімділігін арттыру мәселелері қарастырылған. Банкроттықты болжаудың танымал шетелдік әдістемелері талданды және олардың қазақстандық экономика мен бизнес-орта жағдайында қолданылуының негізділігі бағаланды. Банкроттық рәсімдерінің тиімділігін шектейтін негізгі заңнамалық және институционалдық кедергілер қарастырылды.

Борышкерлердің қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әзірлеген «Қаржылық тұрақтылық сыныптарының коэффициенттерін есептеу және шекараларын айқындау қағидаларының» (әрі қарай – Қағидалар) мазмұнын эксперттік бағалауға ерекше назар аударылды. Жүргізілген бағалау негізінде бұл қағидалар Қазақстанның нақты экономикалық және іскерлік ортасының шынайы жағдайын толық ескермейтіні анықталды, бұл оның борышкерлер, инвесторлар мен кредиторлар үшін тиімділігін айтарлықтай шектейді.

Мақалада қаржылық тұрақтылықты болжаудың бейімделген әдістерін практикаға нәтижелі енгізу заңнаманың және институционалдық ортаның ерекшеліктерін, нарық құрылымын және макроэкономикалық жағдайларды қоса алғанда, қазақстандық бизнестің бірегей ерекшеліктерін ескеруді талап ететіндігі атап көрсетілген. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын арттыру және жеке инвесторлар үшін шарттарды жақсарту үшін қаржылық тұрақтылықты бағалау әдістерін бейімдеу және заңнамалық ортаны жетілдіру қажеттілігіне назар аударады.

Кілт сөздер: бейімделу, банкроттық, болжау әдістемелері, қаржылық тұрақтылық, заңнама, институционалдық орта, корпоративтік банкроттық, инвесторлар.

Ключевые слова: адаптация, банкротство, методики прогнозирования, финансовая устойчивость, законодательство, институциональная среда, корпоративное банкротство, инвесторы.

Keywords: adaptation, bankruptcy, forecasting methods, financial stability, legislation, institutional environment, corporate bankruptcy, investors.

JEL-классификация: G33.

Кіріспе. Қазақстан экономикасының нақты шарттарында банкроттықты болжау мен қаржылық тұрақтылықты бағалаудың танымал шетелдік әдістемелерін практикада қолдану тәжірибесінде экономиканың құрылымына және макроэкономикалық жағдайға, заңнамалық реттеу мен институционалдық ортаның ерекшеліктеріне байланысты бірқатар қиындықтардың орын алуы объективті жағдай. Сондықтан шетелдік танымал әдістемелерді пайдалану ғана емес, сонымен қатар қаржылық жағдайды бағалаудың дәлдігін жақсартуға және инвесторлар мен кредиторлар үшін тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік беретіндей бейімделген әдістемелерді әзірлеу де маңызды. Осындай мақсатпен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әзірлеген Қағидалар банкроттық ықтималдығы мен ұйымдардың қаржылық жағдайын неғұрлым дәл талдауға ықпал ететін маңызды құралға айналуы тиісті болатын [1].

Зерттеудің мақсаты – банкроттықты болжаудың шетелдік әдістемелерін отандық экономика шарттарына бейімдеудің теориялық және практикалық аспектілерін зерттеу және банкроттық

рәсімдерін реттейтін заңнамалық және институционалдық тетіктерді жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Зерттеудің міндеттері банкроттықты болжаудың қолданылып жүрген түрлі әдістемелерін салыстырмалы талдаумен, олардың Қазақстан шарттарына сәйкестігін бағалаумен, Қаржы министрлігі әзірлеген Қағидалардың қолданылу мүмкіншіліктерін талдау мен оны одан әрі бейімдеу бойынша ұсыныстар дайындаумен, банкроттық рәсімдерінің тиімділігіне әсер ететін негізгі заңнамалық және институционалдық проблемаларды анықтаумен және оларды жетілдіру тетіктерін ендіру бойынша ұсынымдар әзірлеумен байланысты.

Зерттеу барысында банкроттықты болжаудың қолданыстағы әдістемелеріне, банкроттық рәсімдерін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды салыстырмалы талдау, эксперттік бағалау әдістері, танымның диалектикалық бағыты қолданылды. Зерттеу әдебиет көздері мен танымал әдістемелерді талдауға, қазақстандық компаниялардың жария қаржылық есептіліктерінен алынған деректерге, ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне негізделеді.

Зерттеу нәтижелері халықаралық тәжірибелерді жергілікті жағдайларға бейімдеуге, заңнамалық және институционалдық ортаны жақсартуға ықпал ете отырып, елімізде банкроттықты болжау әдістемелерін орынды пайдалануға ықпал етеді.

Әдебиеттік шолу. Банкроттық ықтималдығын болжаудың қазіргі уақытты қолданылып жүрген көптеген модельдері Эдвард Альтман мен Уильям Бивердің еңбектеріне негізделген. Э.Альтманның зерттеулері қаржылық тәуекелдерді дәлірек бағалау үшін қаржылық есептілік деректері негізінде есептелетін көп факторлы модельдерді қолданудың негізін салды [2]. Дискриминантты талдау негізінде дайындалған модельдердің өзіне тән кемшіліктеріне қарамастан, Diep Thanh Tung, Vo Thi Hoang Phung зерттеулері Э.Альтманның дамушы нарықтар үшін жетілдірілген моделінің осы елдердің де ерекшеліктеріне бейімделгенін растайды [3]. Wang Y., Campbell M. жүргізген зерттеулер қытайлық компаниялардың банкроттығын болжауда Э.Альтманның Z-моделінің сенімділігін көрсеткен [4].

Дегенмен, соңғы зерттеулер ондаған жылдар бұрын шет елдердегі кәсіпорындардың тарихи деректері бойынша дайындалған модельдерді механикалық қолдану көбінесе жүйелік қателіктерге әкеліп соқтыратынын көрсетіп отыр [5], кей зерттеушілер болжамның дәлдігін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік-экономикалық факторлар мен салалық ерекшеліктерді ескеру қажет деген қорытындыға келеді [6, 7].

К.Ш. Дюсембаевтың пікірі бойынша банкроттық ықтималдығын алдын-ала болжау – ішкі және сыртқы жағдайлардың әсерін ескере отырып, қаржылық саясатты жүргізудегі қалыптасқан тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді [8]. Өмір А.Ж., Мазбаева К.О. өз зерттеулерінде қаржылық талдау нәтижелерінің шынайылығының ең маңызды аспектісі ретінде – елімізде қаржылық ақпараттың сенімділігі мен сапасына қатысты орын алған өзекті мәселелер қарастырылған [9]. Басқа да зерттеулерде халықаралық әдістердің тиімділігі туралы әртүрлі пікірлер кездеседі, бірақ олардың Қазақстанның ерекше экономикалық, құқықтық және институционалдық жағдайларына қаншалықты сәйкес келетіні туралы нақты тұжырымдар жоқ [10, 11].

Қазақстандағы банкроттықты болжау әдістемелерін бейімдеу саласындағы зерттеулер қазақстандық экономиканың ерекшеліктерін ескеретін арнайы модельдерді әзірлеу қажеттігін негіздейді және оны жүзеге асыру академиялық топтар, мемлекеттік мекемелер мен бизнес-қоғамдастық арасындағы тығыз ынтымақтастықты талап етеді.

Негізгі бөлім. Елімізде кәсіпкерлікті қолдау мақсатында стратегиялық мемлекеттік саясат қалыптасқан, соның бір салдары ретінде кәсіпорындарды тіркеу барынша жеңілдетілген. Алайда кәсіпкерлерді тек тіркеу ғана емес, қиын жағдайларда қолдау да қажет. Төлем қабілетсіздігіне байланысты банкроттық пен оңалту институттары жұмыс істеуіне қарамастан, Қазақстанда жыл сайын 25 мыңнан астам кәсіпорын жабылып, банкроттыққа қатысты жыл сайын 5 мыңнан астам талап түседі. Уақытша құрылған компаниялар, жалған банкроттық сұрақтарын қоса алғанда бұл тенденция соңғы 6 жылда сақталып, Қазақстан үшін қалыптасқан, әдеттегі, дегенмен өте қауіпті жағдайға айналып отыр (1-кесте).

Қазақстан Республикасы бойынша жабылған заңды тұлғалардың динамикасы

Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
Жабылған заңды тұлғалар саны, мың бірлік	6,3	9,1	20,8	24,3	19,7	23,2	26,8	27,0
Тізбекті абсолютті өсім, мың бірлік	-15,3	+2,8	+11,7	+3,5	-4,6	+3,5	+3,6	+0,2
Алдыңғы жылға пайызбен, %	29,4	144,4	128,5	116,8	81,1	117,8	115,5	100,7

* [12] дереккөз негізінде авторлармен дайындалған

Статистика бойынша жабылған кәсіпорындардың арасында шағын бизнес субъектілерінің үлесі – 99,8%; олардың арасында басты үлесті көтерме және бөлшек сауда (8,8 мың не 33%), құрылыс саласы (3,2 мың не 12%) кәсіпорындары алады. 2023 жылы 15 ірі және 38 орта бизнес субъектісі ғана жабылған [12]. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына «Оңалту» түсінігі ендіріліп, заң экономикалық саясаттың кәсіпорындарды жабудан оңалту шаралары негізінде қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіруге бағытталуына қарамастан [13], банкроттыққа қатысты жыл сайын түсетін 5 мыңнан астам талаптардың тек 3% ғана оңалту рәсімі бойынша қарастырылған. ҚР Ұлттық Банкінің Зерттеулер мен талдау орталығы сарапшыларының кең көлемді зерттеулері – Қазақстанда корпоративтік банкроттық тиімсіз және кредиторлар үшін берешектің өте төмен қайтарымдылығымен (2%-дан төмен) сипатталатынын көрсетті. Реттеу тетіктерінің ішінде банкроттық басым (90%-дан астам). Заңнамалық кедергілердің болуына байланысты реттеу рәсімдерінің кеш басталуы борышкердің қаржылық жағдайының нашарлауына, ұзаққа созылатын рәсімдер барысында активтердің нарықтық құнының төмендеуі және сауықтыру мүмкіндіктерінің кемуіне әкеледі. Талдау нәтижелері сонымен қатар борышкер туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптардың жеткіліксіздігін, мүмкін болатын сауықтыру шараларына қатысты негізсіз шектеулерді, кепілді кредиторларды қорғаудың барабар тетіктерінің жоқтығын көрсетеді [14].

«Оңалту және банкроттық туралы» Заңға сәйкес борышкердің қаржылық тұрақтылығы «Қаржылық тұрақтылық сыныптарының коэффициенттерін есептеу және шекараларын айқындау қағидалары» негізінде айқындалады және ол банкроттықпен байланысты рәсімдерді жеңілдетуге бағытталған болатын. Қағидалардағы әдістемені әзірлеуде Э. Альтманның танымал әдістемесінің ұстанымдары қолданылған. Бұл қазақстандық мамандардың кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын бағалау құралдарын әзірлеу кезінде халықаралық озық тәжірибелерді пайдалануға деген ұмтылысын айғақтайды.

Қазіргі уақытта банкроттық ықтималдығын болжаудың кең қолданысқа ие көптеген шетелдік әдістемелері мен математикалық модельдері болуына қарамастан (У.Бивер моделі - 1966 ж., АҚШ; Э.Альтманның 5,4,7-факторлы модельдері - 1968 ж., 1983 ж., 1993 ж., АҚШ); Д. Фулмер моделі - 1984 ж., АҚШ; Г. Спрингейт моделі - 1978 ж., Канада; Кэмпбелл моделі - 2008 ж., АҚШ), бірегей, әмбебап, барлық жағдайларда нақты болжам жасауға мүмкіндік беретін модель жоқ. Аталған модельдер кәсіпорындардың қаржылық коэффициенттерін көптік дискриминантты талдау негізінде құрылған. Олардың бір-бірінен ерекшелігі – іріктеуге алынған кәсіпорындар мен қаржылық коэффициенттер статистикасында. Осы дәстүрлі модельдердің негізгі артықшылықтарына қарамастан, оларға тән ортақ негізгі кемшіліктер мен шектеулер ретінде:

- модельдер дамыған экономикаларға тән тарихи деректер мен факторларды экстраполяциялау негізінде әзірленген, бұл оларды басқа экономикалық шарттарда, оның ішінде Қазақстан шарттарында пайдалану тиімділігін төмендетеді;

- көптеген модельдерді жеңілдетілген негізде есептілік тапсыратын шағын және орта бизнес кәсіпорындарының жағдайын бағалауда қолдану мүмкін емес;

- барлық модельдерде инновациялық қызмет нәтижелері, қаржылық емес сипаттағы көрсеткіштер көрініс таппағанын атап өтуге болады.

Шетелдік зерттеушілер аталған модельдерді қолданудағы елеулі тәуекелдерді, оларды нақты кәсіпорынның жағдайына бейімдеуді не ұлттық экономиканың ерекшеліктерін ескере отырып жаңа модельдерді дайындау қажеттігі туралы қорытындыға келеді [15].

Дегенмен де, банкроттық ықтималдығын болжаудың дәстүрлі әдістері болжаудың қарапайымдылығына, нәтижелердің түсініктілігіне байланысты әлі үлкен сұранысқа ие. 2020 жылдан бастап қолданылып келе жатқан Қағидада банкроттық ықтималдығын бейнелейтін жиынтық Z-көрсеткіші келесідей көрсеткіштер негізінде есептеледі (2-кесте).

2 – кесте

ҚР Қаржы министрлігінің Қағидаларына сәйкес банкроттық ықтималдығын анықтаушы көрсеткіштер

Көрсеткіштер	Z-көрсеткішіндегі үлестік мәні	
	Қор нарығындағы акционерлік қоғамдар	Акциялары қор нарығында орналастырылмаған заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер
K_1 – активтердің мобильділігінің коэффициенті	1,2	0,717
K_2 – активтердің таза пайда бойынша рентабельділігі	1,4	0,847
K_3 – активтердің салық салынғанға дейінгі пайда (ЕВТ) бойынша рентабельділігі	3,3	3,107
K_4 – қаржыландыру коэффициенті	0,6	0,42
K_5 – активтердің айналымдылығының коэффициенті	0,999	0,998

* [1] дереккөз негізінде дайындалған

Қорытындысында банкроттық ықтималдығын сипаттаушы екі жиынтық көрсеткіш (Z) есептеліп, кәсіпорындар қаржылық тұрақтылығы бойынша 3 сыныпқа топтастырылады (3-кесте).

3 – кесте

ҚР Қаржы министрлігінің Қағидаларына сәйкес кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылық сыныптарының шекаралары

Кәсіпорындар тобы	I сынып (қаржылық тұрақты)	II сынып (банкроттық тәуекелі бар, бірақ қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіру мүмкіндігі бар)	III сынып (қаржылық тұрақсыз)
Қор нарығындағы акционерлік қоғамдар	$Z1 \geq 2,99$	$1,81 \leq Z1 < 2,99$	$Z1 < 1,81$
Акциялары қор нарығында орналастырылмаған заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер	$Z2 \geq 2,90$	$1,23 \leq Z2 < 2,90$	$Z2 < 1,23$

* [1] дереккөз негізінде дайындалған

Қағидаларда келтірілген әдістемеде Э.Альтманның акциялары қор нарығында айналыстағы жария кәсіпорындар (1968 ж.) және қор нарығына қатыспайтын кәсіпорындар үшін (1983 ж.) дайындалған 5-факторлы модельдерге енген коэффициенттер, әр көрсеткіштің үлестік мәндері, шекті мәндер бойынша қаржылық тұрақтылық сыныптары өзгеріссіз алынған. Сол себепті әдістемені бейімделген деп те санауға болмайды, әдістемеде Э.Альтманның модельдеріне тән кемшіліктермен қатар, оларды отандық шарттарға бейімдеусіз пайдаланумен байланысты да тәуекелдер бар. Атап айтқанда:

Осыған байланысты әдістемеде Э.Альтманның модельдеріне тән кемшіліктермен қатар, оларды отандық шарттарға бейімдеусіз пайдаланумен байланысты да тәуекелдер бар. Атап айтқанда:

– модельге сәйкес айналыс капиталының сомасының үлкен болуы (K_1) оң нәтиже береді, дегенмен ол барлық жағдайларда активтер құрылымының оңтайлылығын, оларды басқарудың тиімділігін көрсете бермейді, сонымен бірге, өндірістік кәсіпорындар активтерінің негізгі бөлігін ұзақ мерзімді активтер құрайтыны белгілі. Зерттеушілер XX ғ. ортасынан бастап батыстық компаниялардың өтімділік коэффициенттері екі еседей төмендегенін атап өтеді: ол олардың төлем қабілеттілігінің төмендеуін емес, активтерді пайдалану тиімділігінің артқанын сипаттайды;

– модельге ақша қаражаттарының қозғалысын, оның жеткіліктігін, пайдалану тиімділігі сипаттайтын көрсеткіштер енгізген, ал ақшалай коэффициенттер болжам мен шартты көрсеткіштерге емес, компанияда ақша қаражаттарының болуы не болмауының кассалық әдіспен есептелген мәліметтеріне сүйенеді;

– рентабельділік көрсеткіштерін есептеуде қаржылық есептілікті дайындау сәтіндегі кейбір іс-әрекеттердің шартты сипаты есепке алынбайды: қаржылық есептілікте есептеу қағидасына сәйкес анықталған түсім, пайда сомасы нақты ақша ағынынан елеулі ауытқуы мүмкін;

– модельге активтердің рентабельділігін сипаттайтын 2 көрсеткіш (K_2 , K_3) қатар ендірілген және K_3 – активтердің салық салынғанға дейінгі пайда (ЕВТ) бойынша рентабельділігі көрсеткішіне ең үлкен үлестік салмақ берілген. Бастапқыда модель корпоративті табыс салығы жоғары не прогрессивті шкала қолданатын дамыған мемлекеттер экономикасына негізделгенін ескерсек, біздің шарттарымызда, әсіресе, шағын және орта бизнес кәсіпорындарында салық салынғанға дейінгі (ЕВТ) және таза пайда арасында үлкен айырмашылық жоқ. Сол себепті ол көрсеткіштің орнына кәсіпорындардың нақты ақша ағынымен қамтамасыз етілуін сипаттайтын көрсеткіштерді ендіру қажет, атап айтқанда, таза ақша ағынының міндеттемелерді өтеу деңгейін сипаттаушы – Ақша ағынының жиынтық міндеттемелерге қатынасының коэффициенті (Cash Flow to Total Debt Ratio). Көрсеткіш компанияның өз міндеттемелерін операциялық қызметтің нәтижесі арқылы өтеу мүмкіншілігін сипаттайды, бұл көрсеткіш қаржылық тұрақтылықты сипаттаушы әдеттегі көрсеткіш «Міндеттемелер/Меншікті капитал» көрсеткішінің тікелей бәсекелесі.

Қағидаларда келтірілген әдістемеде Э.Альтманның акциялары қор нарығында айналыстағы жария кәсіпорындар (1968 ж.) және қор нарығына қатыспайтын кәсіпорындар үшін (1983 ж.) дайындалған 5-факторлы модельге енген коэффициенттер, әр көрсеткіштің үлестік мәндері, шекті мәндер бойынша қаржылық тұрақтылық сыныптары өзгеріссіз алынған. Әдістемені бейімделген деп те санауға болмайды. Оны ҚР Ұлттық Банкінің Зерттеулер мен талдау орталығының зерттеушілері Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде (2013-2019 жж. берешектері бар 211 мыңнан аса кәсіпорындардың деректері) жүргізген ауқымды зерттеулері де борышкердің қаржылық тұрақтылығын бағалау Қағидаларындағы әдістеменің тиімсіздігі, оның жалған оң да, теріс те нәтижелер көрсететінін дәлелдеген:

1) капиталы теріс мәнге ие әрбір бесінші кәсіпорын әдістемеге сәйкес есептеулер бойынша I сыныпқа жатады және қаржылық тұрақты деп танылады. Сонымен қатар, капиталы теріс және қаржылық тұрақты деп танылған компаниялардың жартысы (шамамен 46%) зиян шеккен ($EBT < 0$);

2) оң капиталға ие әрбір алтыншы кәсіпорын әдістемеге сәйкес есептеулер бойынша III сыныпқа жатады және қаржылық тұрақсыз деп танылады. Ал осы кәсіпорындардың шамамен 30%-ның қызметі пайдалы ($EBT > 0$) [14].

Жалпы алғанда, қазіргі уақытта елімізде банкроттық ықтималдығын болжау әдістемелерін дайындаумен, танымал модельдерді бейімдеумен байланысты мәселелерді келесідей топтастыруға болады:

1. Деректердің жеткіліксіздігі. Елімізде шағын және орта бизнес субъектілерінің қаржылық және статистикалық деректеріне қолжетімділік шектеулі.

2. Деректердің сапасы мен шынайылығымен байланысты тәуекелдер. Бухгалтерлік мәліметтерге негізделген модельдер банкроттық қарсаңында жиі орын алатын есеп беру деректерін бұрмалау, өзгерту тәуекелін ескере алмайды. Сол себепті елімізде кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен оның банкроттық фактісі арасындағы байланыстарды анықтау қате тұжырымдарға әкелуі мүмкін.

3. Заңдылықтарды анықтау үшін банкротқа ұшыраған бір саладағы немесе көлемі шамалас кәсіпорындардың зерттеуге жеткілікті тобы бойынша статистикалық ақпараттың динамикада болмауы, экономика көлемімен байланысты шектеулер.

4. Елімізде қаржылық көрсеткіштердің (төлем қабілеттілік, қаржылық тұрақтылық және басқа да) салалар бойынша белгіленген орташа, нормативті шектері жоқ. Ондай орташа көрсеткіштерсіз кәсіпорынның күшті және әлсіз тұстарын, тиімділігін салыстырмалы бағалау мүмкін емес.

Аталып өткен экономикалық-ұйымдастырушылық мәселелермен қатар банкроттық рәсімдерін реттейтін заңнамалық және институционалдық тетіктерге қатысты да мәселелер жеткілікті. Қалыптасқан жағдайға баға беру үшін мемлекеттер бойынша банкроттық ісін жүргізуші соттарға қойылатын талаптар мен әкімшілер статусының салыстырмалы сипаттамасы 4-кестеде келтірілген.

4 – кесте

Мемлекеттер бойынша банкроттық ісін жүргізуші соттарға қойылатын талаптар мен әкімшілер статусы

Мемлекеттер	Банкроттық істерін жүргізетін мамандандырылған соттардың немесе банкроттық туралы іс жүргізетін соттарға қойылатын біліктілік талаптарының болуы	Банкроттық істегі әкімші	
		Жеке тұлға	Заңды тұлға
Қазақстан	Жоқ: банкроттық туралы істерді экономикалық соттар осы салада мамандануға қойылатын жекелеген талаптарсыз қарайды. Сонымен қатар, экономикалық соттардың судьяларына жеке біліктілік талаптары белгіленбеген.	+	–
АҚШ	Бар, банкроттық істерін дәрменсіздік істері бойынша мамандандырылған соттар қарайды.	+	+
Германия	Бар, банкроттық істерін дәрменсіздік істері бойынша мамандандырылған соттар қарайды.	+	-
Ұлыбритания	Банкроттық істерін қарайтын мамандандырылған сот жоқ, дегенмен соттардың судьяларына мамандануға қатысты жеке біліктілік талаптары белгіленген.	+	-

* [14] дереккөз негізінде дайындалған

Зерттеулер негізінде банкроттық рәсімдерін реттейтін заңнамалық және институционалдық тетіктерге қатысты келесідей мәселелерді атап өтуге болады:

– елімізде банкроттық істерін жүргізетін мамандандырылған соттардың немесе банкроттық туралы іс жүргізетін соттарға қойылатын біліктілік талаптарының болмауы: банкроттық ісі бойынша шешімдердің әділетсіз қабылданып, ол өз кезегінде іске қатысушылардың құқықтарының бұзылуына алып келуі, істердің ұзаққа созылуына, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқық қорғау жүйесіне деген сенімінің төмендеуіне, қаржылық қатынастарға теріс әсер етуі мүмкін. Осы қауіптердің алдын алу үшін банкроттық істерін жүргізетін соттарға арнайы біліктілік талаптарын қою, сондай-ақ мамандандырылған соттардың жұмысын қамтамасыз ету маңызды болып табылады;

– банкроттық туралы істегі әкімшілер міндетін Заңның 12-бабында көрсетілген талаптарға жауап беретін жеке тұлға ғана жүзеге асыра алады (ҚР кәсіби бухгалтер біліктілігі бар тұлғалар; заңгерлік, экономикалық, бухгалтерлік, қаржылық, аудиторлық немесе бақылау-ревизия салаларындағы қатарынан үш жылдан кем емес жұмыс өтілі мен жоғары білімі бар, сотталмаған тұлғалар). Әкімшілердің жеке тұлға санатындағы шектелген шеңбері олардың біліктілігі, істі жүргізуге уақыт тапшылығымен байланысты мәселелерді туындатады. Тәжірибеде қалыптасқандай борышкердің қажетті шынайы ақпараттарды ұсынбауы, активтер мен келісім-шарттарды жасыруы шарттарында күрделі істерді қарау үшін толыққанды кәсіби топ қажет, қажет болған жағдайда білікті аудиторларды, бағалаушыларды, заңгерлерді тарту қажет болуы да мүмкін. Сол себепті күрделі істерді басқаруға әкімші ретінде заңды тұлғаларды да тарту мүмкіндігін қарастыру қажет;

–банкроттық туралы істерді жүргізетін соттар мен әкімшілердің (істі сотта қарау, сондай-ақ оңалту рәсімін және банкроттық рәсімін жүргізу кезеңінде осы өкілеттіктерді жүзеге асыратын

уақытша әкімші, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылар) біліктілігін жоғарылатумен байланысты сұрақтар.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері банкроттық ықтималдығын болжаудың шетелдік әдістемелерін бейімдеуде кешенді бағытты ұстанудың маңыздылығын айқындайды және келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1) әлемдік тәжірибеде қолданылатын банкроттық ықтималдығын болжаудың көптеген әдістері Қазақстанда пайдалану үшін жоғары әлеуетке ие және бұл бағыттағы зерттеулерді жалғастыру қажет. Қолданыстағы «Қаржылық тұрақтылық сыныптарының коэффициенттерін есептеу және шекараларын айқындау қағидалары» қайта қарауды қажет етеді. Әдістемеде активтердің рентабельділігін сипаттайтын 2 көрсеткіш (K_2 , K_3) қатар ендірілген және олардың үлес салмақтары басым. Елімізде шағын және орта бизнес кәсіпорындарында салық салынғанға дейінгі (ЕВТ) және таза пайда арасында үлкен айырмашылық жоқ. Сол себепті ол көрсеткіштің орнына компанияның өз міндеттемелерін операциялық қызметтің нәтижесі арқылы өтеу мүмкіншілігін сипаттайтын – Ақша ағынының жиынтық міндеттемелерге қатынасының коэффициентін (Cash Flow to Total Debt Ratio) ендіру қажет. Себебі ақшалай коэффициенттер компанияда ақша қаражаттарының болуы не болмауының қасиетімен есептелген мәліметтеріне сүйенеді;

2) әдістемелерді бейімдеу барысында Қазақстанның бизнес-ортасының бірегей ерекшеліктерін ескеру қажет. Бұл аспектілер банкроттық ықтималдығын талдау нәтижелерін түсіндіруге және қолдануға айтарлықтай әсер етуі мүмкін, мысалы, қаржылық көрсеткіштердің қалыптасуына кейбір салаларда өте қомақты болатын мемлекеттік субсидиялардың әсерін есепке алу керек; банкроттық істерінде борышкер ұсынатын міндетті ақпарат тізімін кеңейту және оны жасырудың жауапкершілігін арттыру қажет;

3) банкроттық аясында құқықтық реттеудің негіздері қалыптасуына қарамастан, сот процедураларының күрделілігіне, кредиторлар мен инвесторлардың құқығын қорғау жүйесінің әлсіздігіне, басқарушы әкімшілердің біліктілігіне қатысты заңнамалық және институционалдық тетіктерге қатысты орын алған мәселелерді шешу үшін банкроттық істерін жүргізетін соттарға арнайы біліктілік талаптарын белгілеу, банкроттық туралы істерді қарайтын мамандандырылған соттар құру қажет. Сонымен бірге, банкроттық ісін басқарушы әкімшілерді жеке тұлғалар санатымен шектеу күрделі істерді қарауда олардың біліктілігіне, істі жүргізуге уақыт тапшылығымен, сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдерді туындатады. Сол заңда себепті күрделі істерді басқаруға әкімші ретінде заңды тұлғаларды (корпоративтік әкімшілерді) да тарту мүмкіндігін қарастыру қажет.

Осылайша, елімізде банкроттықты болжаудың тиімділігін арттыру үшін халықаралық әдістемелерді бейімдеуді, заңнаманы жақсартуды және неғұрлым ашық және орнықты қаржы ортасын құруды қамтитын кешенді бағытты жүзеге асыру талап етіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 372 «Қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін есептеу және сыныптардың шекараларын айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020370>
2. Altman E. Fifty Years of Z-Scores to Predict the Probability of Corporate Bankruptcy // Journal of Investment Consulting. – 2019. – № 19(1). – P. 15–22. – <https://ssrn.com/abstract=3522672>
3. Diep Thanh Tung, Vo Thi Hoang Phung. An application of Altman Zscore model to analyze the bankruptcy risk: cases of multidisciplinary enterprises in Vietnam // Investment Management and Financial Innovations. – 2019. – № 16(4). – P. 181–191. – [https://doi.org/10.21511/imfi.16\(4\).2019.16](https://doi.org/10.21511/imfi.16(4).2019.16)
4. Wang Y., Campbell M. Do bankruptcy models really have predictive ability? Evidence using China publicly listed companies // International Management Review. – 2010. – № 6(2). – P. 77–82.
5. Bai Q., Tian S. Innovate or Die: Corporate Innovation and Bankruptcy Forecasts // Journal of Empirical Finance. – 2020. – № 59(4). – P. 88–108. – <https://doi.org/10.1016/j.jempfin.2020.09.002>
6. Shi Y., Li X. An overview of bankruptcy prediction models for corporate firms: A systematic literature review // Intangible Capital. – 2019. – №15(2). – P. 114–127. – <https://doi.org/10.3926/ic.1354>
7. Agrawal K., Maheshwari Y. Efficacy of industry factors for corporate default prediction // IIMB Management Review. – 2019. – №31. – P. 71–77.

8. Дюсембаев К.Ш. Финансовый анализ: учебное пособие. – Алматы: ТОО «Фортуна Полиграф», 2019. – 264 с.
9. Өмір А.Ж., Мазбаева К.О., Большекбаева Қ.О., Телагусова Э.О. Рейтингік агенттіктер мен несиелік рейтингтің капитал құрылымындағы маңыздылығы және рөлі // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің ЖАРШЫСЫ. – 2024. – № 2(55). – Б. 124–131.
10. Шахман Е.Т., Нарынбаева А.С., Алтайбаева Ж.К. К вопросу о финансовой устойчивости агропромышленного предприятия // Проблемы агробизнеса. – 2021. – №(3). – С. 82–91.
11. Абдрахманова А.У., Бельгибаева А.С., Сартов У.К. Оценка и анализ финансовой устойчивости предприятия // «Мемлекеттік аудит – Государственный аудит». – 2023. – № 61(4). – С. 83–97.
12. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми деректері. – URL: <https://stat.gov.kz>
13. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V ҚРЗ «Оңалту және банкроттық туралы» Заңы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176>
14. Миллер А., Кабдулов А. Корпоративное банкротство в Казахстане: проблемы и решения // Банки Казахстана. – 2022. – №1–2. – С. 9–28.
15. Apoorva D., Curpod S., Namratha M. Application of Altman Z Score Model on Selected Indian Companies to Predict Bankruptcy // International Journal of Business and Management Invention . – 2019. – № 8(1). – P. 77–82.

REFERENCES

1. Qazaqstan Respublikasy Qarjy ministriniń 2020 jylǵy 9 sáuirdegi № 372 «Qarjylyq túraqtylyq koefisientterin esep-teu jáne synyptardyń shekaralaryn aıyındau qaǵıdalaryn bekıtu turaly» búıryǵy [Order of the Minister of Finance of the Republic of Kazakhstan dated April 9, 2020 No. 372 "on approval of the rules for calculating financial stability ratios and determining class boundaries"]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020370> [in Kazakh].
2. Altman E. Fifty Years of Z-Scores to Predict the Probability of Corporate Bankruptcy // Journal of Investment Consulting. – 2019. – №19(1). – P. 15–22. – <https://ssrn.com/abstract=3522672>
3. Diep Thanh Tung, Vo Thi Hoang Phung. An application of Altman Zscore model to analyze the bankruptcy risk: cases of multidisciplinary enterprises in Vietnam // Investment Management and Financial Innovations. – 2019. – №16(4). – P. 181–191. – [https://doi.org/10.21511/imfi.16\(4\).2019.16](https://doi.org/10.21511/imfi.16(4).2019.16)
4. Wang Y., Campbell M. Do bankruptcy models really have predictive ability? Evidence using China publicly listed companies // International Management Review. – 2010. – №6(2). – P. 77–82.
5. Bai Q., Tian S. Innovate or Die: Corporate Innovation and Bankruptcy Forecasts // Journal of Empirical Finance. – 2020. – №59(4). – P. 88–108. – <https://doi.org/10.1016/j.jempfin.2020.09.002>
6. Shi Y., Li X. An overview of bankruptcy prediction models for corporate firms: A systematic literature review // Intangible Capital. – 2019. – №15(2). – P. 114–127. – <https://doi.org/10.3926/ic.1354>
7. Agrawal K., Maheshwari Y. Efficacy of industry factors for corporate default prediction // IIMB Management Review. – 2019. – №31. – P. 71–77.
8. Djusembaev K. Finansovyy analiz: uchebnoe posobie [Financial analysis: a textbook]. – Almaty: ТОО «Фортуна Полиграф», 2019. – 264 s. [in Russian].
9. Өмір А., Мазбаева К., Бөлшекбаева Қ., Телагусова Е. Реитингік агенттіктер мен несиелік реитингінің капитал құрылымындағы маңыздылығы және рөлі [Importance and role of rating agencies and credit rating in the capital structure] // Qazaq ekonomika, qarjy jáne halyqaralyq sauda universitetiniń JARŞYSY. – 2024. – №2(55). – Б. 124–131 [in Kazakh].
10. Shahman E., Narynbaeva A., Altajbaeva Zh. K voprosu o finansovoj ustojchivosti agropromyshlennogo predpriyatija [On the issue of financial stability of an agro-industrial enterprise] // Problemy agrobiznesa. – 2021. – №(3). – С. 82–91 [in Russian].
11. Abdrahmanova A., Bel'gibaeva A., Sartov U. Ocenka i analiz finansovoj ustojchivosti predpriyatija [Assessment and analysis of the financial stability of the enterprise] // «Memlekettik audit – Gosudarstvennyj audit». – 2023. – №61(4). – С. 83–97 [in Russian].
12. Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jáne reformalar agenttigi Ұлттық статистика бюросының ресми деректері [Official data of the Bureau of national statistics of the agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms]. – URL: <https://stat.gov.kz> [in Kazakh].

13. Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylǵy 7 nauryздаǵy № 176-V QRZ «Oñaltu jáne bankrottyq turaly» Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan dated March 7, 2014 No. 176-V KR "On rehabilitation and Bankruptcy"] [Elektrondy resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000176> [in Kazakh].

14. Miller A., Kabdulov A. Korporativnoe bankrotstvo v Kazakhstane: problemy i resheniya [Corporate bankruptcy in Kazakhstan: problems and solutions] // Banki Kazakhstana. – 2022. – №1–2. – S. 9–28. [in Russian].

15. Apoorva D., Curpod S., Namratha M. Application of Altman Z Score Model on Selected Indian Companies to Predict Bankruptcy // International Journal of Business and Management Invention. – 2019. – №8(1). – P. 77–82.

Байдаков А.К., Кучукова Н.К., Утибаева Г.Б., Алтынбеков М.А.

АДАПТАЦИЯ МЕТОДИК ПРОГНОЗИРОВАНИЯ БАНКРОТСТВА К УСЛОВИЯМ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА: ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы адаптации зарубежных методик прогнозирования вероятности банкротства с учетом особенностей казахстанской экономики и повышения эффективности института корпоративного банкротства в стране. Проанализированы известные зарубежные методики прогнозирования банкротства и оценена их применимость в условиях казахстанской экономики и бизнес-среды. Рассмотрены ключевые законодательные и институциональные недостатки, ограничивающие эффективность процедур банкротства.

Особое внимание уделено экспертной оценке содержания «Правил расчета коэффициентов и определения границ классов финансовой устойчивости», разработанных Министерством финансов Республики Казахстан для оценки финансовой устойчивости должников. На основе проведенного анализа выявлено, что данные правила не в полной мере учитывают специфические экономические условия и реалии отечественного рынка, что существенно ограничивает их эффективность для должников, инвесторов и кредиторов.

Статья подчеркивает, что успешное внедрение адаптированных методов прогнозирования финансовой устойчивости требует учета уникальных особенностей казахстанского бизнеса, включая особенности законодательства и институциональной среды, структуры рынка и макроэкономические условия. Результаты исследования акцентируют внимание на необходимости адаптации методов оценки финансовой устойчивости и совершенствования законодательной среды для повышения финансовой стабильности организаций в Казахстане и улучшения условий для частных инвесторов.

Baidakov A., Kuchukova N., Utibaeva G., Altynbekov M.

ADAPTATION OF BANKRUPTCY FORECASTING METHODS TO THE CONDITIONS OF THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN: THEORETICAL AND PRACTICAL ASPECTS

Annotation

The article discusses the problems of adapting foreign methods for predicting the probability of bankruptcy, taking into account the peculiarities of the Kazakh economy and increasing the effectiveness of the institution of corporate bankruptcy in the country. The well-known foreign methods of bankruptcy forecasting are analyzed and their applicability in the conditions of the Kazakh economy and business environment is assessed. The key legislative and institutional shortcomings limiting the effectiveness of bankruptcy procedures are considered.

Special attention is paid to the expert assessment of the content of the "Rules for calculating coefficients and determining the boundaries of financial stability classes" developed by the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan to assess the financial stability of debtors. Based on the analysis, it was revealed that these rules do not fully take into account the specific economic conditions and realities of the domestic market, which significantly limits their effectiveness for debtors, investors and creditors.

The article emphasizes that the successful implementation of adapted methods for forecasting financial stability requires taking into account the unique features of Kazakhstani business, including the specifics of legislation and the institutional environment, market structure and macroeconomic conditions. The results of the study focus on the need to adapt methods for assessing financial stability and improving the legislative environment in order to increase the financial stability of organizations in Kazakhstan and improve conditions for private investors.